

## Шарбақты ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің кейбір мәселелері туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы № 23/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 ақпанда № 6251 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабының 2-тармағының 3 ) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шарбақты ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция департаменті Шарбақты ауданының полиция бөлімі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралардың өткізуін қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Павлодар облысының

полиция департаменті

Шарбақты ауданының

полиция бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

29 қаңтар 2019 жыл

Ә. Әбейов

E. Нұргалиев

Шарбақты ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "5" ақпандағы

№ 23/1 қаулысына

қосымша

**Шарбақты ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды**  
**көтермелегендің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. Азаматтарды көтермелегендің түрлері:

- 1) Шарбақты ауданы әкімінің Құрмет грамотасы;
- 2) Шарбақты ауданы әкімінің Алғыс хаты;
- 3) ақшалай сыйақы;
- 4) құнды сыйлық.

2. Азаматтарды көтермелегендің тәртібі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеген мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеген жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеген туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Шарбақты ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –Шарбақты ауданының ПБ) енгізеді;

3) комиссия қабылдайтын шешім көтермелеген үшін негіз болып табылады.

4) Шарбақты ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және құнды сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;

5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Шарбақты ауданы әкімінің құрмет грамотасын, Шарбақты ауданы әкімінің алғыс хатын, ақшалай сыйақы, құнды сыйлықтар беруді Шарбақты ауданының ПБ жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы мөлшері мен құнды сыйлықтың бағасы 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.